

Ш.А. Хамитова^{1*}, А.С. Адилова¹, З.С. Тайшыбай²

¹Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан;

²М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл, Қазақстан
(E-mail: shaizat85@mail.ru, adilova2010@mail.ru, ztajshyбай@nku.edu.kz)

Ағылшын тіліндегі түркі кірме сөздерінің қолданылуы

Ағылшын тіліндегі түркі кірме сөздерінің бейімделуінің маңызды көрсеткіштерінің бірі оларды ағылшын тілінің түрлі (түсіндірме, этимологиялық, фразеологиялық) сөздіктерінде саралау, сондай-ақ оларды әртүрлі көркем шығармаларда пайдалану. Тілдік байланыстар лингвистикалық, мәдени және тарихи факторлардың өзара әрекеттестігінде байқалады және мәдениетаралық коммуникацияның маңызды процесі болып табылады. Тіл механизмі ретінде түрлі тілдерде белсенді қолданылатын түркі лексикалық элементтері ерекше назар аударуды талап етеді. Әртүрлі тілдерді салыстыру кірме сөздердің тілдің әмбебап фактісі екенін көрсетеді, оның тілдік мәні олардың әртүрлі тілдер жүйесіне кіруінің абсолюттік немесе салыстырмалы хронологиясын анықтауға мүмкіндік береді. Реципиент тілінің лексика-семантикалық жүйесімен тығыз байланысты түркі тілдері ену жолдары мен бейімделу дәрежесін көрсете отырып, ағылшын және басқа тілдердің тілдік бірліктерінің корпусын кеңейтеді. Бұл ретте тілдің лексикалық және фонетикалық әлеуетінің заңдылықтары есте сақталады. Түркі кірме сөздеріне тек түркі сөздері ғана емес, сонымен қатар араб және моңғол, парсы, татар, өзбек, қазақ тілдеріндегі лексикалық элементтер кіреді.

Кілт сөздер: түрік кірме сөздері мен сөз тіркестерінің семантикалық категориялары, тюркизмдер, ассимиляция, шығыс сөздері, кірме сөздер процесі, әлемнің мәдени бейнесі, ағылшын тілінің сөздіктері.

Кіріспе

Тарихи, ғылыми деректерге қарасақ, тек бір ғана ұлттың сөздерінен құралған бір де бір таза тіл жоқ екені байқалады. Түрлі объективті себептерге байланысты тіл сол жаратылған қалпында сақталып қалмайды, ол үнемі дамып, заман, қолданыс талабына сай азды-көпті өзгерістен тыс қала алмайды. Бұл қазіргі кезде плюрицентрлік тілдердің қатарында қарастырылатын ағылшын тіліне де жат емес [1].

Ағылшын тілі бүгінде әлемдегі ең бай және кең тараған тілдердің бірі болып саналады. Зерттеуші әрі аудармашы Ү. Кеңесбаеваның айтуынша, АҚШ-тың “Global Language Monitor” лингвистикалық компаниясының 2006 жылдың сәуір айындағы есебі бойынша, ағылшын тілінде 988 968 сөз бар екені анықталған. Британ аралдарына қоныстанушылар өздерімен бірге тілдерін де ала келіп, кетерде көп сөздерін қалдырып кетіп отырған. Ағылшын тілінің сөздік қорының молаюына әлемнің 1000–нан аса тілі үлес қосқан. Осы және соңғы зерттеулерге қарағанда, заманауи ағылшын тілі лексикасының 29%-ын көне латыннан, тағы бір 29%-ын француз тілінен, 26%-ын герман тілдес топтан, 6%-ын грек тілінен және қалған 10%-ын өзге де тілдерден енген сөздер құрайды екен. Ағылшын тілінің лексиконындағы осы он пайыздың ішінде әлемдегі көп халықтың сөзі бар.

Ағылшын тілінде қилы заманда, түрлі көлемде, сан алуан жағдайда енген кірме сөздердің арасында түркі сөздері де кездесетіні де белгілі. Ағылшын тілінің лексикалық қорында түркі кірме сөздері қайдан жүр деп таң қалуға себеп бар, өйткені Англия түркі тілді мемлекеттермен көрші емес, діндері де, тілдері де бір-біріне мүлде алыс.

Белгілі бір мәселені шешу үшін зерттелетін материалды зерттеудің бірқатар әдістері қолданылады. Зерттеу материалы әр түрлі лексикалық дерек көздерінен алынған. Мақаланы жазу барысында әр жылдардағы ағылшын, орыс фразеологиялық сөздіктерді салыстыра қолданылады.

XVI ғ. бастап Англия мен Түркия арасында, сондай-ақ Түркия мен Ресей арасында тікелей байланыстар орнаған сәттен бастап, ағылшын тілінде түркі тілдерінен жаңа тікелей кірме сөздер пайда болды.

* Хат-хабарға арналған автор. E-mail: shaizat85@mail.ru

XIX ғасырда түрік кірме сөздері, негізінен, әртекті саяхатшылардың, дипломаттар мен көпестердің еңбектері, этнографиялық және тарихи еңбектер арқылы да, баспасөз арқылы да еніп кетті. Ғалымдардың айтуынша, XIX ғасырда түрік елінде өз тілдеріндегі 37 газетпен қатар, шет ел тілінде бірнеше газет шығып тұрды, нақтырақ айтсақ, 1847 жылы Стамбулда екі ағылшын тілді газет — «The Levant Herald» және «The Levant Times», француз тілінде жеті, немісше газеттер болды [2: 20].

Ирак Биккининнің ғаламтордағы танымал tatarica.narod.ru сайтында жарияланған мәліметіне сүйенсек, ағылшын тілінде қазіргі таңда 400-ден астам түркизмдер бар екен. Мұның 55%-ның этнографиялық негізі болса, 26%-ы қоғамдық-саяси лексикаға, ал 19%-ы табиғи құбылыстарға тиесілі. Әдетте «ағылшынданған» түркі сөздері көбіне мұсылман халықтарының өмірін сипаттайтын арнайы әдебиеттерде, тарихи және этнографиялық еңбектерде қолданылады. Этнолексика, әдетте, ғылыми әдебиетте жұмсалады.

Түркі сөздерінің ағылшын тіліне енуінің әр түрлі жолдары бар. Мысалға алатын болсақ, «turkey» ['tʒ:rkɪ] — түйетауық сөзі. Бұл құс алғашында Солтүстік Америкада осылай атала бастады, себебі оны Англияға Солтүстік Африканың саудагерлері әкелді, ал бұл аймақты Осман империясы, яғни түркілер басқарды. Бір қызығы, Францияда күркетауық «dinde» деп аталады, бұл «Үндістаннан» деген мағынаны береді. Сол кезде Колумб жаңа құрлықты емес, Үндістанға жаңа жолды ашты деп ойлады, сондықтан француздар құсты «Үндістаннан» деп атады. Португалияда оны «regu» деп атайды.

Түркі халықтарының бәріне ортақ сөздің бірі «bosh» (бос) сөзі. Ағылшын тіліне енген бұл кірме сөздің ағылшын қолданысындағы мағынасы «empty talk, nonsense» (бос әңгіме, нонсенс, бейсауат) дегенді көрсетеді. Бұл сөзді ең алғаш британ дипломаты, жазушы Джеймс Джастинг Мориер 1834 жылы өз романында пайдаланған екен. Жалпылай алғанда, тек Джеймс Мориер ғана емес, ағылшынның Кристофер Марло, Шекспир, Байрон, Скотт сынды қаламгерлері өз туындыларында түркі сөздерін жиі пайдаланғандар санатынан.

Көптеген түркі сөздері ағылшын тіліне басқа тілдер арқылы, көбінесе француз тілі арқылы кірді, мәселен, kiosk, kumiss, masgame сөздері. Сондай-ақ албан, неміс, латын, испан, итальян, венгр және серб-хорват тілдері түркі сөздерінің ағылшын тіліне енуі үшін аралық тілдер болды.

Сонымен қатар, түркі тектес бірнеше сөз орыс және поляк сияқты шығыс еуропа тілдері арқылы ағылшын сөздігіне енген [3].

Әдістер мен материалдар

Ағылшын тіліндегі түркі кірме сөздерінің көпшілігі экзотикалық немесе этнографиялық коннотациялы лексика. Олардың ағылшын тілінде баламасы жоқ, туынды сөздермен синонимдік қатынастары көмескі және тұтастай алғанда, фаунаны, флораны, тұрмысты, адамгершілікті, саяси және қоғамдық өмірді, түркі өңірлерінің әкімшілік-аумақтық құрылымын сипаттау үшін пайдаланылады. Бірақ бірқатар түркі сөздері әлі де жиі қолданылатын лексиканың бір бөлігі болып саналады. Кейбір түркі сөздері өз этимологиясына қатысы жоқ жаңа мағыналарға ие болды.

Ағылшын тілінің ең танымал «A Dictionary of English Etymology» сөздігіндегі түркі кірме сөздері келесілер: badian, beech, irbis, mammoth, sable, taiga, turkey, sabot – бадиян, шамшат ағашы, барыс, мамонт, семсер, тайга, түйетауық, кесу. Бұл топта dashkesanite, turanite — дашкесанит, туранит сияқты минералдар атауын да айтуға болады. Біршама игерілген қоғамдық-саяси кірме сөздер: bashi-bazouk [bəʃibʊ'zʊk] — баскесер, қарақшы; begum — бегім; effendi — әпенді; cossack — казак; horde — орда; janissary — жана шерік (*Османлы сұлтанының жеке әскерлерін және оққағарларын құраған топтар*); khan — хан, lackey — малай, mameluke — (ортағасырлық Мысырдағы түркі және кавказ халықтары өкілдерінен шыққан жауынгер-құлдар); pasha — уәзір; saber — семсер; uhlan — ұлан.

Этнографизмдер арасында ағылшын лексикасының ажырамас бөлігі болып кеткен сөздер де бар: khavyar-caviar-уылдырық, coach-kotsche – “to tutor, give private instruction to, prepare (someone) for an exam or a contest” is from 1849” жаттықтырушы, kocsi – “large kind of four-wheeled, covered carriage is from 1550s” – жабық күйме [4].

Ағылшын тілі этимологиялық сөздігінде ағылшын тіліне қазақ, қырғыз, әзірбайжан, татар, өзбек сияқты түркі тілдес халықтармен тікелей қарым-қатынас арқылы ауысқан сөздер де жоқ емес. Ағылшын тіліне тікелей енген қазақ сөзі ретінде «oralman» лексемасын мысал ретінде келтіруге әбден болады. Бүгінде ағылшын дереккөздерінің көбінде, тіпті, әлемдік онлайн-ресурс

уикипедияның өзінде оралман сөзі қазақ жеріне көшіп келген қандастарымызға қатысты жиі айтылып жүр.

Түркизмдер ағылшын тіліне бірнеше тілден кейін келген жағдайда, ең соңғысы француз тілі болды. Бұған тарихи, саяси оқиғалар себеп болды. Француздардың түркілермен тікелей байланыстары крест жорықтары дәуірінде (XI–XIII ғасыр), сондай-ақ Осман империясының (XIV–XVI ғасыр) күшеюі кезінде орнаған, яғни көптеген француздар, испандықтар мен итальяндықтар түрік сұлтанының қызметінде болған. Осман империясының өмір сүруі мен байлығына таңданыс Еуропада түркофилдік құбылысын тудырады, бұл көптеген еуропалық тілдердің, соның ішінде ағылшын тілінің лексикалық құрамына әсер етпей қоймағаны сөзсіз: *caviar* (1560), *turban* (1561), *odalisque* (1681) және т.б. сияқты сөздер болуы мүмкін.

Орта Азияда болған саяхатшылар (Антони Дженкинсон, Томас Аткинсон), дипломаттар мен саудагерлер өз күнделіктері мен есептерінде түркі сөздерін қолданған: *taiga* (1888): *Taiga – of Mongolian origin; Cossack – (1598) from Kaz. kozak, from Turk. quazzaq “adventurer, guerilla, nomad”*).

Ағылшын тілінде этимологиясы жаңсақ көрсетіліп жүрген тағы бір лексикалық бірлік — *Sabot* крест жорықтары дәуірінен енген кірме сөздер қатарында. *Sabot* және оның *saboteur*, *sabotage* туындылары француз тілінен алынған деп саналады, ал оған (француз тіліне) *Sabot* сөзі түрік тілінің делдалдығымен араб тілінен енген. Шын мәнінде, араб және ескі француз тілдеріне бұл сөз Таяу Шығыста тұрған түрік–сарацин тілінен алынған.

Түркі сөзі чобот (чабата, сабат, сабат, шабат) етістігінен шыққан — «кесу» және бастапқыда «ағаштың тұтас бөлігінен кесілген (шабылған) аяқ киім» дегенді білдірген. Кейін ол әртүрлі ағаш аяқ киім атауын, оның ішінде өрілген аяқ киім дегенді білдіре бастады. Ағаш аяқ киімнің көптеген түрлері пайда болғаннан кейін бұл сөз түрлі түркі тілдерінде аяқ киімнің әр қилысын атай бастады. Қазіргі татар тілінде чобот, чабатта сөзі «лапоть» дегенді білдіреді.

Ескі француз тіліне бұл сөз бастапқы мағынада алынған — «ағаштың тұтас бөлігінен шабылған аяқ киім» — *sabot*. Дәл осы мағынада бұл сөз түрлі фонетикалық өзгерістерге түсіп, басқа да еуропалық тілдерге енген.

«Чеботы» деген орыс атауының да этимоны — түркі «чабат» сөзі. Испан тіліне бұл сөз Испаниядағы Араб халифаттары кезінде өмір сүрген түркі тайпаларының тілінен енген.

Ағылшын тілінде, *sabot*, *saboteur*, *sabotage* сөздерінен шыққан әртүрлі түркизмдер бар. Бұл сөздер: *chabouk* (*chabuk*, *chawbuk*) — «beach, ұзын қылшықты»; *chibouk* — «шұбар, түтікше»; *saber* (*sabre*) — «кылшықты»; *sjambok* — мүйізтұмсықтың терісінен жасалған қамшы. «Чабу» етістігінен шыққан туынды сөздер ағылшын тіліне француз, неміс, Оңтүстік Африка, малай және үнді тілдері арқылы кірді. Барлық осы түркизмдерде чабу етістігінің семантикасы — «рубить, хлестать» [4] сақталған.

Нәтижелер және оларды талқылау

Көптеген түркизмдер ағылшын тіліне араб, парсы және үнді тілдері арқылы келді. Поляк тілі арқылы ағылшын тілінде *hetman*, *horde*, *uhlan* [5] сөздері қолданыла бастады.

Мысырдағы және Сириядағы алғашқы түріктер түркімендердің оғыз тайпалары болған. Мысырда 1517 жылы түркі–османдардың Мамлют мемлекетін жаулауына дейін Алтын Орда заманындағы татар тіліне өте жақын қыпшақ–оғыз тіліндегі әдебиеті жақсы тарады. Қыпшақтар араб әдебиетіне, Египеттегі араб тілінің лексикасы мен грамматикасына қатты ықпал етті. Парсы тілі түркі тілдерінің әсіресе лексика бөлігіне қатты әсер етті. X–XVI ғасырларда Иран, Орта Азия және Үндістан аумағындағы түрлі этникалық топтар құраған және көп тілді мемлекеттерде ғылым мен дін тілі араб тілі, әдебиет тілі және кеңсе тілі парсы тілі болған тілдік жағдай қалыптасты, ал шахтар мен сұлтандардың сарайлары мен әскерде негізінен түркі тілі қолданылған [6: 226].

Орыс тілі арқылы ағылшын тіліне 60–тан астам түркизмдер енді: *astrakhan*, *ataman*, *hurrah*, *kefir*, *koumiss*, *irbis*, *shashlik* және т.б.

Венгр тілінен неміс және француз тілдерінің делдалдығы арқылы ағылшын тіліне *coach*, *haiduk*, *kivasz*, *vampire* сияқты түркизмдер келді [6].

1558–59 жылдары ағылшындар Иран арқылы Үндістанға шығу үшін тек Мәскеу арқылы ғана Еділ сауда жолын пайдалануға тырысады. 1558 жылы ағылшын коммерсанты Антони Дженкинсон Ричард және Роберт Джонсон және IV Иванның грамоталарымен жабдықталған татар–толмачпен Волга бойымен төмен қарай аттанады. Олар Қазан, Астрахань, Маңғышлақ түбегінде, Баку, Бұқара және Самарқандта болды. Дженкинсоннан кейін Поволжьеде ағылшын саяхатшылары көп болды.

1601 жылы сэр Антони Шерли көмекшісі Уильям Париспен Каспий теңізіне саяхат жасады. 1625 жылы ол осы саяхаттан өз әсерлерін жариялайды [7].

1858 жылы Қазақстанда болған Томас Аткинсонның саяхаты туралы жолжазбасы жарық көрді. Саяхатшылар, дипломаттар мен саудагерлерден басқа XIX ғасырда Орта Азияға ағылшын барлаушылары да келді. XX ғасырдың басында Қазақстан аумағындағы барлық мыс, полиметалл, көмір кендері ағылшын капиталистерінің қолында болды. Поволжье, Закавказье, Орта Азия және Сібірде болғандардың күнделіктері, есептері, хаттары еуропалықтарды оларға бұрын белгісіз және ағылшын тілінде баламасы жоқ, жергілікті халықтарға тән ұғымдар мен олардың ұлттық болмыстарын бейнелейтін түркізмдермен таныстырды: *astracan, aul, batman, carbuse, jougara, pul, saigak, toman, turquoise* («асыл тас» мағынасында).

XIX ғасырға дейін ағылшын тіліне енген түркізмдердің көпшілігі қолданыстан шықты. Қалған сөздер, негізінен, түркі аймағының флорасы, фаунасы, тұрмысы, ғұрпы, қоғамдық-саяси өмірі мен әкімшілік-аумақтық құрылымы сипатталғанда қолданылады.

Алайда, жалпы қолданыс жиілігі жоғары көптеген түркі кірме сөздері бар. Кейбір түркізмдер, мысалы, *bosh, caviare, coach, horde, jackal, kiosk* және т.б. этимондарға тән емес жана мәндерде жұмсалады.

Түркі жалқы есімдері Attila, Gengis Khan, Baber, Tamerlane антропонимдері ғылыми, көркем мәтіндерде қолданылады, алайда Аттилаға қатысты жағымсыз коннотация айқын – Attila – the Scourge of God (Құдайдың кеселі). Сол сияқты *hun, saracen, Tartar, Turk* этнонимдері пайда болды. Бұзық, қыңыр ұл баланы ағылшындар «young Tartar» – «татарчонок» десе, «күшті қарсыласпен кездесу» «to catch a Tartar», яғни «нарваться на татарина» сөз тіркесімен сипатталады.

Ағылшын тіліне түркілер арқылы енген танымал сөздің тағы бірі – «koumiss» (қымыз). Оксфорд сөздігі ол жайында: «a fermented liquor prepared from mare's milk, used as a drink and medicine by Asian nomads» (Бие сүтінен ашытылған ішімдік. Азиялық көшпелілер қолданатын емдік қасиеті бар сусын) дейді. Ал, ағылшынша түркітөктес «ага» (аға) сөзіне мынадай анықтама беріледі: «In Muslim countries, especially under the Ottoman Empire a military commander or official» (Мұсылман елдерінде, әсіресе, Осман империясында әскери басшы немесе лауазым иесі). Этимология сөздігінде «Шығыс Түркістанда аға ағайындылардың үлкені» деген анықтама келтірілген.

Википедия сөздігінен түркі сөздерінің баламасыз қолданыстағы сөздерінің өзгеріссіз ағылшын тілінде қолданылатынын көруге болады. Мысалға алатын болсақ, «мереке» сөзінің мағынасы этимологиялық сөздікте былайша аударылған:

Bayram is the Turkic word (Originally from Middle Persian *padrām*) for a nationally-celebrated festival or holiday, applicable to both national (i.e. secular) and religious celebrations. In accordance with this dual applicability, the method with which one determines the yearly timing of Bayrams is different for national and religious days.

Likely owing to the enduring Ottoman Turkish influence in the Balkans and parts of South-Eastern Europe, many non-Turkish peoples like Bosniaks, Albanian Muslims, Muslims from the Northern Caucasus, Azerbaijan, Crimea and other Turkic peoples, have similarly adopted the use of the word “Bayram”, using the term “Greater Bairam”.

Байрам – ұлттық мерекелер (яғни зайырлы), сондай-ақ діни мерекелерге қолданылатын түркі сөзі.

Балқандар мен Оңтүстік-Шығыс Еуропаның кейбір бөліктерінде ұзақ мерзімді осман-түрік ықпалына болғанына байланысты босниялықтар, Албан мұсылмандары, сондай-ақ Солтүстік Кавказдың, Әзірбайжанның, Қырымның және басқа да түркі халықтарының көптеген мұсылман халықтары, «үлкен Байрам» сөзін пайдаланады [5].

Қорытынды

Тілдегі кірме сөздерді зерттеу лингвистикалық талдау басқа ғылымдар да үлкен қызығушылық тудырады. Осы салаға қатысты таза лингвистикалық мәселелер лексиканың «тазалығы» мәселелерімен байланысты және көптеген еңбектерде елдер мен халықтар арасындағы мәдени және әлеуметтік-экономикалық байланыстар проблемаларымен қатар көрінеді. Тарихшылар, филологтар, қоғам қайраткерлері, жазушылар, сыншылар әрқашан белгілі бір тілге шетелдік лексиканың ену процестеріне және оны одан әрі кеңейту мен қолдануға қызығушылық танытты, белгілі бір сөздерді қабылдау немесе қабылдамау туралы көзқарастарын білдірді, және көбінесе бұл мәлімдемелер мен дәлелдер лингвистикалық саладан асып түсіп, идеология, саясат, әлеуметтану және тағы басқа салаларда да талқыланып жүр.

Бұл жерде кірме сөздер ұғымы әртүрлі элементтердің бір тілден екінші тілге ауысу процесін көрсететінін атап өткен жөн. Әр түрлі элементтер тілдер құрылымының әртүрлі деңгейлерінің бірліктері ретінде түсініледі – фонология, морфология, синтаксис, лексика және семантика [7: 50].

Осылайша, әртүрлі мәдениеттермен қарым-қатынас нәтижесінде ағылшын тіліне енген түркі сөздері оны осы мәдениетке ие емес жаңа ұғымдармен байытып қана қоймай, морфологиялық және фонетикалық өзгерістерге ұшырап, бұрынғы бейнесін жоғалтып, ағылшын лексикасының ажырамас бөлігіне айналғаны байқалады [8: 146].

Әр түрлі тілдердің қатар өмір сүруі кірме сөздердің тілдің әмбебап фактісі екенін көрсетеді, оның лингвистикалық мәні абсолютті немесе салыстырмалы хронологияны анықтауға және олардың әртүрлі тілдер жүйесіне енуін анықтауға мүмкіндік береді және ағылшын тілімен қоса басқа тілдердің тілдік бірліктерінің корпусын кеңейтеді. Бұл тілдің лексикалық және фонетикалық әлеуетінің заңдылықтарын ескереді. Түркі халықтарының британдықтармен байланысының қарқындылығы және ағылшын тіліндегі өзара калька көрінісі бірнеше тақырыптық топтардың болуымен сипатталатын белгілі бір мәдени-тарихи жағдайларда түркізмдердің пайда болуына ықпал етеді [9].

Қорыта келе, әртүрлі мәдениеттердің қарым-қатынастары нәтижесінде ағылшын тіліне енген түркі кірме сөздері тек оны осы мәдениетте жоқ жаңа ұғымдармен байытып қана қоймай, морфологиялық және фонетикалық өзгерістерге ұшырап, өзінің бұрынғы бейнесін жоғалтқаны және ағылшын тілі вокабулярының ажырамас бөлшегіне айналғаны байқалады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Баскаков Н.А. Тюркизмы в восточнославянских языках: сб. ст. / Н.А. Баскаков. — М.: Наука, 1974. — 300 с.
- 2 Esma Fatima Bilgin, Ayşe Berrin Yanikoğlu Yeşilyurt. Large vocabulary recognition for online Turkish handwriting with sublexical units. / Esma Fatima Bilgin, Ayşe Berrin Yanikoğlu Yeşilyurt. // Turkish Journal of Electrical Engineering & Computer Sciences, Faculty of Engineering and Natural Sciences. — İstanbul: Sabancı University, 2018. — P. 20–29.
- 3 Шипова Е.Н. Словарь тюркизмов в русском языке / Е.Н. Шипова. — Алма-Ата: Изд-во «Наука» КазССР, 1976. — 444 с.
- 4 Амосова Н.Н. Этимологические основы словарного состава современного английского языка / Н.Н. Амосова. — М.: Изд-во литературы на иностранных языках, 1956. — 220 с.
- 5 Onions C.T. (Ed.). (2004). Oxford Dictionary of English Etymology: / C.T. Onions (Ed.). Oxford University Press, 2004. — 1042 pp.
- 6 Биккинин Ирек. Тюркизмы в английском языке [Электронный ресурс] / Ирек Биккинин // Татарская газета. — 1998. — № 15. Режим доступа: <https://tatarica.narod.ru/>.
- 7 Юлдашева С.А. Влияние заимствований на лексику языка / С.А. Юлдашева // Молодой ученый. — 2016. — № 12. — С. 49–58.
- 8 Гаджиева Н.З. Тюркские языки / Н.З. Гаджиева // Лингвистический энциклопедический словарь. — М., 1990. — С. 527–529.
- 9 Адилова А.С. Қазақ медиатекстерінің вербалды құрылымы туралы халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы. / А.С. Адилова. — Алматы, 2018. — Б. 311–316.

Ш.А. Хамитова, А.С. Адилова, З.С. Тайшыбай

Употребление тюркских заимствованных слов в английском языке

Статья посвящена комплексному исследованию важнейших показателей адаптации тюркских заимствований в английском языке — их выделению в различных словарях английского языка (толковом, этимологическом, фразеологическом), а также их использованию в различных художественных произведениях. Языковые контакты проявляются во взаимодействии лингвистических, культурных и исторических факторов и представляют собой важнейший процесс межкультурной коммуникации. Особого внимания требуют тюркские лексические элементы, активно используемые в различных языках как языковой механизм. Сравнение разных языков показывает, что заимствование является универсальным фактом языка, языковая сущность которого позволяет определить абсолютную или относительную хронологию их вхождения в систему разных языков. Тюркизмы, тесно связанные с лексико-семантической системой языка-реципиента, расширяют корпус языковых единиц английского и других языков, указывая пути проникновения и степень адаптации. При этом учитываются закономерности лексического и фонетического потенциала языка. Тюркские заимствования включают в себя не только тюркские слова, но и лексические элементы арабского и монгольского, персидского, татарского, узбекского, казахского происхождения, которые проникли в

английский язык через многие тюркские языки и нашли отражение в английских лексикографических источниках. Тюркизм, таким образом, относится к словам, включенным в английский язык из тюркских языков или через тюркские языки, независимо от источника взаимного родства, т. е. к словам, имеющим тюркский этап в своей истории.

Ключевые слова: семантические категории тюркского заимствования, тюркизмы, ассимиляция, восточные слова, процесс заимствования, культурная картина мира, словари английского языка.

Sh.A. Khamitova, A.S. Adilova, Z.S. Taishybay

Usage of Turkic words in English language

The article is devoted to the most important indicators of the alteration of Turkic borrowing in English is their allocation in different dictionaries of English (explanatory, etymological, phraseological), as well as their use in different works of fiction. Linguistic contacts manifest themselves in the interaction of linguistic, cultural and historical factors and represent an essential process in intercultural communication. Turkic lexical elements, actively used in various languages as a language mechanism, require special attention. A comparison of different languages shows that borrowing is a universal fact of language, the linguistic essence of which allows determining the absolute or relative chronology of their entry into the system of different languages. Turkisms closely related to the lexico-semantic system of the recipient language expands the body of language units of English and other languages, indicating the paths of penetration and the degree of adaptation. This considers the patterns of lexical and phonetic potential of the language. Turkic borrowing includes not only Turkic words but also lexical elements of Arabic and Mongolian, Persian, Tatar, Uzbek, Kazakh origin, which have penetrated English through many Turkic languages and have been reflected in English lexicographic sources. Turkism thus refers to words included in English from Turkic languages or through Turkic speeches regardless of the source of the mutual relationship, i.e. words having a Turkic stage in their history.

Keywords: semantic categories of Turkic borrowing, Turkisms, assimilation, oriental words, borrowing process, cultural picture of the world, English language dictionaries.

References

- 1 Baskakov, N.A. (1974). *Tiurkizmy v vostochnoslavianskikh yazykakh: sbornik statei [Turkisms in East Slavic languages: Collection of articles]*. Moscow: Nauka [in Russian].
- 2 Esmat Fatma Bilgin, Ayşe Berrin Yanikoğlu Yeşilyurt. (2018). Large vocabulary recognition for online Turkish handwriting with sublexical units. *Turkish Journal of Electrical Engineering & Computer Sciences*, Faculty of Engineering and Natural Sciences, 20–29. İstanbul: Sabancı University.
- 3 Shipova, E.N. (1976). *Slovar tiurkizmov v russkom yazyke [Dictionary of Turkisms in Russian language]*. Alma-ata: Izdatel'stvo «Nauka» Kazakhskoi SSR [in Russian].
- 4 Amosova, N.N. (1956). *Yetimologicheskie osnovy slovarnogo sostava sovremennogo angliiskogo yazyka [Etymological basis of vocabulary of modern English language]*. Moscow: Izdatel'stvo literatury na inostrannykh yazykakh [in Russian].
- 5 Onions, C.T. (Ed.). (2004). *Oxford Dictionary of English Etymology*: Oxford University Press, 1042.
- 6 Bikinin, Irek. (1998). *Tiurkizmy v angliiskom yazyke [Turkisms in English language]*. *Tatarskaia gazeta — Tatar newspaper*, 15. Retrieved from <http://tatarica.narod.ru/> [in Russian].
- 7 Yuldasheva, S.A. (2016). *Vliianie zaимstvovaniia na leksiku yazyka [The influence of borrowings on the vocabulary of the language]*. *Molodoi uchenyi — Young scientist*, 12, 49–58 [in Russian].
- 8 Gadzhieva, N.Z. (1990). *Tiurkskie yazyki [Turkic languages]*. *Lingvisticheskii entsiklopedicheskii slovar — Linguistic Encyclopedic Dictionary*. Moscow [in Russian].
- 9 Adilova, A.S. (2018). *Qazaq mediaterininin verbaldy qurylymy turaly khalyqaralyq gylimi-teoriialyq konferentsiiasy [International scientific-theoretical conference on the verbal structure of Kazakh media texts]*. Almaty [in Kazakh].